Ерге құрмет-елге құрмет

# Әуезовтің бюсті орнатылды



Тарихымызға құрметпен қарап, ұлылардың бейнесін мәңгілік есте қалдыру-елдігіміздің көрінісі.

Өткен бейсенбіде Ленин-Әуезов көшесінің қиылысындағы алаңқайда қазақтың біртуар ұлы, заңғар жазушы М.О.Әуезовтің бюсті орнатылды.

Тарихи маңызы бар оқиғаға халық көп жиналды.

Ескерткіш басында қала әкімі Н.А.Нәбиев сөз алып:

-Біз ұлылардың өшпес рухына тағзым ете отырып, саналы ұрпақты қалыптастыруды мақсат тұттық. Өткенге құрмет-ұрпаққа міндет. Бүгінгі қуаныш-бәрімізге де ортақ. Ендеше қуаныш қайырын берсін!-деп шынайы тілегін арнады.

Бюстті салтанатты түрде ашу құрметіне қала әкімі Н.А.Нәбиев және қалалық мәслихат хатшысы Ғ.Ш.Балтабекова ие болды.

Ортадағы еңселі бюсттің жамылғысы сыпырылғанда, ұлы Мұхаңның нұр жүзді келбеті жарқ ете қалғандай әсер қалдырды. Заңғар жазушының мүсіні биік әрі еңселі тұғырдың үстіне орнатылыпты. Тұғырдың орта тұсына "Абай жолы" кітабының сыртқы мұқабасы бейнеленіпті.

Мүсіннің авторлары-Баян Қайнышева және Акертіс Солтанбаев.

Салтанатты шарада ақ әжелер шашу шашты. Жергілікті әншілер Ардақ Бұхарбеков, Айымгүл Нұрмұхановалар ән орындап, тарихи оқиғаға мерекелік ажар берді.

**Дария ЕРТАЙҚЫЗЫ**